

Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Ақбастау» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа «Ақбастау» отдел образование білім беретін Управления Төлебийского района образования Туркестанской области

Ақбастау ауылы Көздіата көшесі №6 үй
Телефон :872547 7-79-75
Электрондық почта mektep.mektep.2121@mail.ru

Село Акбастау улица Көздіата дом №6
Телефон :872547 7-79-75
Электронная почта mektep.mektep.2121@mail.ru

БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«02» 09 2025 ж.

№ 75/А

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023жылғы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасының 2.4 тармағы, «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

2.1 ДТДЖО С. Базарбековке:

- ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;

- орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту;

- орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін;

2.2 ДШЖО М. Арғынбаевка :

- орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қадағалау жүктелсін;

2.3 Кітапханашы А. Турехановаға:

- педагогтермен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

3. 2025-2026 оқу жылына орталық сабақтың бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30 % әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұны сапалы құрылып, педагогикалық кеңесотырысында бекітілсін.

4. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесу жана бағыты енгізілсін.

5. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу ДООЖО Э. Амирбековаға жүктелсін.
6. Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.
7. Педагогтерге , ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету ДООЖО Н. Жусиповаға жүктелсін.
8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында орталық жұмыстарының тәжірибелерімен таныстыру сынып жетекшілерге, орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.
9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
10. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелегін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Б. Алимкулов

Таныстым:  С. Базарбеков

«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» КММ

Бекітемін
Мектеп директоры



Б.Алимкулов

***«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп»
КММ-нің 2025-2026 оқу жылы «Ата-аналарды
педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс
жоспары***

Орындаған ДТІЖО: С.Базарбеков

**«Ақбастау жалпы білім беретін» мектепкомуналдық мемлекеттік мекемесінің
2025-2026 оқу жылындағы «Ата-аналар педагогикалық қолдау» орталығының
ұйымдастыру аясында «Даналық мектебі» жұмысының жылдық жоспары**

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	Алғашқы кездесу «Даналық мектебі»	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	Ата-аналарды педагогикалық қолдаушылар	Қыркүйек
2	«Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» (дөңгелек үстел) «Аталар мектебі» 1-11 сыныптың ер балалары	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Аталар мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Қазан
3	«Ертегі танымның көзі» (Интерактивті сабақ) «Әжелер мектебі» 1-7 сынып оқушылары	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Әжелер мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Қараша
4	«Ағасы бардың жағасы бар» (дискуссия) «Ағалар мектебі» 4-11 сынып оқушылары	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Ағалар мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Желтоқсан
5	«Қыз ғұмырының құпиялары» (ашық әңгіме) 7-11 қыздары	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Женгелер мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Қаңтар
6	«Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет» (шебер сабақ) «Аталар мектебі» 1-11 сынып оқушысы	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Аталар мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Ақпан
7	«Ырым – тыйым-әдептілік негізі» (дөңгелек үстел) «Әжелер мектебі» 1-11 сынып оқушылары	Іс-шара әзірлемесі	«Әжелер мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Наурыз

8	«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» (кездесу кеш) «Ағалар мектебі» 5-11 сынып ер балалары	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Ағалар мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Сәуір
9	«Мұны қыздар білуге тиіс» (дөңгелек үстел) «Женгелер мектебі» 7-11 сынып қыздары	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым	«Женгелер мектебі» мүшелері ААПҚ тобы	Мамыр

ДТЖО:

Бәкіт

С.Базарбеков

1-4 сынып оқушыларының Ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы бойынша өткізілетін іс-шара жоспары 2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыбы өткізу нышаны	Мазмұны	Өткізетін күні, айы	жауаптылар
1	Отбасы-бақыт бөсігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу дөңгелек үстел	1. Балалардың әл ауқаты оның бақытты өмірінің негізі. 2. Ата-ананың баланың әл ауқатына жауапгершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасыда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру ата-ананың балаға назар аударуы қолдау позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	Қазан кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
2	Білімдіге дүние Жарық. Таным қуаныш Баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз? Пікірталас	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың қабілетінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін зейінін ойлауын қарым- қатынасын жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы көмектесеміз бе әлде..... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Қараша кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
3	Әрбір бала –Жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз? Тренинг	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланы оқуына мінез құлқына және жасауына темпераменттік әсері. Баланың жақсысы сүйініш, жаманы-күйініш. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Желтоқсан кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
4	Баланы жастан бала бойындағы тапқырлық пен эрудициясына қалай дамытуға болады? Пікір талас	1. Ойындар –баланы дамытудың негізгі құралы 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері 3. Балалар мен ата-аналарға ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әректі.	Қаңтар кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері

5	Құмар ойындары тәуелділік қақпаны	1.Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2.Интернетті пайдалану режимін сақтау 3.Жақсыдан үйрен жаманнан жирен.Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4.Компьютерлік ойындарға балама ретінде спорт белсенді ойындар шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т.б.	Ақпан кестеге сәйкес	ДТБЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
6	Сенім арту-жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек? Тренинг	1.Бала өміріндегі қиындықтар 2.Агрессия,өтірік айту ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Өдегілік, ар-ұят адамдықтың белгісі тұрпайы мінез ,жат қылық надандықтың белгісі 3. Қиын жағдайда қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5.Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	Наурыз кестеге сәйкес	ДТБЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-ана комитеттері
7	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету Шебер сабақ	1.Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2.Ата-анының күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрену. 4.Уәдесін орындау-ата анасының ең басты қағидасы. 5.Баладан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	Сәуір кестеге сәйкес	ДТБЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
8	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әу қаттың негіз ретінде Шебер сабақ Сауалнама	1.Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі.Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың,сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2.Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті Отбасылық дәстүрлері мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы. 3.Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету, практикалық әдістер 4.Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы,өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5.Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	Мамыр кестеге сәйкес	ДТБЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 1-4 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



С.Базарбеков

5-7 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық жолдау бағдарламасы бойынша өткізілетін Іс-шара жоспары

№	Тақырыбы өткізу нысаны	Мазмұны	Өткізілетін күні	Жауаптылар
1	Баланың бас ұстазы ата-ана Позитивті тәрбие Дөңгелек үстел	1.Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2.Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті-кәсіптік қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету. 3.Позитивті ата-ананың ерекшеліктері:жағымсыз көңіл күйден жағымды эмоциялардың басым болуы, жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез құлық қасиеттерін дамыту. 4.Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары 5.Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық.	Қазан Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
2	Ақыл айтпа,жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі тренинг	1.Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда)бейімделуі,оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары Ұлттық тамақтану мәдениеті жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі 2.Жасөспірімнің әлеуметтік –психологиялық бейімделуі негізгі қиындықтар. 3.Өзінді өзін сипаласан, өзгенен сый дәмепте. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері. 4.Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынасына дағдыларын дамыту 5.Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	Қараша Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
3	Балаға үйрету ақылыңды мейірімге орап бер Бала жүрегіне жол табу Тренинг	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары,олардың көріністерінен шығу жолдары 2.Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері-олардың өзара түсіністігінің негізі 3.Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер. 4.Бір күндік ұрыстың қырық күндік қырсығы бар.Жанжал және оларды шешу жолдары 5.Ата-анамен бала арасындағы эмоцияналдық байланысты сақтаудың шарты-кешіре білу	Желтоқсан Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
4	Бұлақ көрсен, көзін аш Баланың шығармашылық қабілетін дамыту Нікір талас	1.Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері 2.Ертегі ойлап табуға үйрету 3.Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы 4.Балалармен жүргізілген шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру 5.Шығармашылық тұлғаны дамыту үшін	Қаңтар Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педпгог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері

		отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі		
5	Ақпараттан ақ - қараны ажырату өнері. Жасөспірімдердің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы проблемалар, салдары және мүмкіндіктері 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі 4. «Болар елдің баласы бірін бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез құлқына тәрбиенің есері 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті	Ақпан Кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
6	Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік пен қалау» арасындағы таңе-теңдікті қалай сақтауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары 2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі 4. Ашу-дұшпан, ақыл дос, Өзін-өзі реттеу жолдары 5. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу	Наурыз кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
7	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері 3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту әлепсіз өскен адамнан, тәрәтіппен өскен тал жақсы 4. Ата-аналардың мінез құлық стратегиялары	Сәуір кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
8	Отбасы құндылығы сарқылмас қазына Құндылықтар отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес» қонақжайлылық отбасы құндылықтарының негізі 3. «Мейірімді ата-Мейірімді бала» Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары 4. Балалар дәстүрі-ұрпаққа өсиеті-отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан -ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану 5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы	Мамыр кестеге сәйкес	ДПЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 5-7 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. *Баб* С.Базарбеко

іс-шара жоспары

№	Тақырыбы өткізу нышаны	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Боламын деген баланың бетін қакпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу тұлға қалыптасуының негізі	Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2 Позитивті ата-ана тәрбиесі-жоғарғы сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3 Тұлға дамуының негізі-өз бетінше әрекет ету 4 Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері	Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 8-11 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
2	Көркем мінез- баға жетпес байлық Эмоционалды интелект-табысты тұлғаның негізі Дөңгелек үстел	1. Эмоционалды интелект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интелектің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сөзім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер	Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 8-11 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
3	Сен жанбасан лапылдап..... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады? Пікір талас	1. Кәсіп-өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу -өзін көрсетудің кінгі 3. Ұлы жол үйінің табалдырығының басталады. Баланызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғарғы сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 8-11 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
4	Құмарлыққа бой алдыру -тәуелділік құрдымы Жоғарғы сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары Ой қозғау тренингі	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь,есірткі,химиялық заттар,вейп құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілер 3. Сыныптан өткенін бәрі жұғады 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	Кестеге сәйкес	ДТЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог 8-11 сынып жетекшілер Ата-аналар комитеттері
5	Жақсылан қашпа,	1. Жоғарғы сынып оқушыларының	Кестеге	ДТЖО

	<p>жаманға баста...</p> <p>Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі</p> <p>Дөңгелек үстел</p>	<p>интернет қауіпсіздігі</p> <p>2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау</p> <p>3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы</p> <p>4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары</p> <p>5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділікті алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті</p>	сәйкес	<p>Әлеуметтік педпгог</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>8-11 сынып жетекшілер</p> <p>Ата-аналар комитеттері</p>
6	<p>Күйзелістен шығар жол</p> <p>Күйзелісті жеңуге көмектесеміз</p> <p>тренинг</p>	<p>1. Көңіл жақсы болғаны-өмір жақсы болғаны. Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады стресстен арылу әдістері</p> <p>2. Эмоцияны бақылау –стресстен , күйзелістен шығудың жолы</p> <p>3. Агрессия депрессия суицидтік мінез -құлық және стрестің басқала экстремальды көріністер</p> <p>4. Қателесу-тәжірибе жинауға мүмкіндік береді</p> <p>5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті.</p>	Кестеге сәйкес	<p>ДПЖО</p> <p>Әлеуметтік педпгог</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>8-11 сынып жетекшілер</p> <p>Ата-аналар комитеттері</p>
7	<p>Сүйіспеншілік - сыйластық кілті</p> <p>Махаббат татулықтың негізі</p> <p>Пікір талас</p>	<p>1. Махаббат- отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі</p> <p>2. «Айналайын» ұғымы отбасында балаға жан жақты қолдау көрсету</p> <p>3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық</p> <p>Эмоционалды манипуляция</p> <p>4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады.</p>	Кестеге сәйкес	<p>ДПЖО</p> <p>Әлеуметтік педпгог</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>8-11 сынып жетекшілер</p> <p>Ата-аналар комитеттері</p>
8	<p>Атадан өсиет, анадан қасиет</p> <p>Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары</p> <p>Шебер сабақ</p> <p>Сауаһнама</p>	<p>1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жатарға білім, құндылықтар көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі</p> <p>2. Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар. Әке мен ананың отбасындағы ролі</p> <p>3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе- қазіргі балалардың даму ерекшеліктері</p> <p>4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау.</p>	Кестеге сәйкес	<p>ДПЖО</p> <p>Әлеуметтік педпгог</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>8-11 сынып жетекшілер</p> <p>Ата-аналар комитеттері</p>

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



С. Базарбеков

**Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту
жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**2-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды
педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәртібі**

3. Орта білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті ұйымдастыру Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен (бұдан әрі – Орталық) келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

1) орта білім беру ұйымы басшының балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бұйрығын шығару;

2) Орталық қызметін ұйымдастыруды басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол:

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

- сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім педагогтерінің мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін іске асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

3-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдаудың мазмұны, сабақтардың және әлеуметтік серіктестіктің түрлері

6. Сабақтардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны орта білім ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және бабалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың ал-ауқаттық контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді.

7. Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.

8. Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабақтар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру 15 қыркүйекке дейін өткізіледі.

9. Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабақты қамтиды.

10. Сабақтар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, онлайн және офлайн режимде өткізілуі мүмкін.

11. Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар аңталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрмеңкелер, кормелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

12. Ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасы пайдалану ұсынылады, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологтың кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-парақтар, постерлер және басқалар қамтылады.

4-тарау. Орталықтың қызметін үйлестіру

13. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларына ұсынылады:

1) ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша қызметті үйлестіру;

2) орта білім беру ұйымдарында Орталықтың қызметін ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім басқармаларының оқу-әдістемелік орталықтар, орта білім беру ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

4) ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметке мониторинг жүргізу;

5) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат беру;

6) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау

14. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне ұсынылады

1) орта білім беру ұйымдарына Орталықтың қызметін ұйымдастыруға ықпал ету;

2) білім беру ұйымдарында Орталықтың қызметін ұйымдастыруға жауапты маманды тағайындау;

3) облыстық білім басқармаларына жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты ұсыну;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

«Ақбастау жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

Ата-аналар жиналысы

Хаттама №1

Қатысқандар:

1. Ақбастау ЖББМ-нің директоры: Алимкулов Б. ДТЖО:Базарбеков С.
2. Ақбастау ЖББМ-нің ата-аналар кеңесінің төрайымы:Тілепбергенова Ү.
3. Ақбастау ЖББМ-нің 1-11 сынып жетекшілері
4. Ата-аналар

Қаралатын мәселе:

1.Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар №26 бұйрық негізінде

2.“Жеке қауіпсіздік” ережелері туралы

1. Мәселе бойынша

Тыңдалды: Мектеп директоры Алимкулов Берік ата-аналарға мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау бойынша жұмыстары туралы айтып өтті. Мектепте жалпы қабылдаған іскерлік этикет ережелері, оның ішінде оқу орнының қабырғасында киім-кешек пен бас киім кию ережелері сақталуы тиіс. Оқушылар және ата-аналар заңға сәйкес белгіленген киім формасын сақтауға міндеттелген. Сонымен қатар мектеп формасының түсі қою көк болатынын айтып өтті.

Тыңдалды: Ата-аналар комитетінің төрайымы Тілепбергенова Үдбосын оқушылардың бірыңғай мектеп формасының болуын және түсі кара-көк болуына ата-аналардың осы ережемен келісетінін айтты.

ДТЖЖО Серік Базарбеков оқушылар бірыңғай мектеп формасын сақтап, ережеге сай талаптарды орындау керектігіне тоқталды. Мектеп оқушылары бірыңғай формамен толық қамтылатынына сенім білдірді.

2. “Жеке қауіпсіздік” ережелері туралы ДТЖО: Базарбеков С.

Көше ережелері туралы таңдау.

1. Көшеде жүру тәртібін орындамау транспорттың жүріп-тұруына кедергі келтіреді, жұмысшылар жұмысқа, оқушылар сабаққа, басқа да баратын жерлеріне дер кезінде жетпеуі мүмкін.
2. Көшеден өту үшін арнайы белгіленген жермен жүрген дұрыс. Егер бар болса, жер асты жолын пайдаланған жөн.
3. Мектепке келе жатқанда өзіне қауіпсіз болатын жолды таңдай біл. Өткел тар болса, қарсы кездескен үлкен кісіге жол бер.
4. Тротуармен келе жатып қақпадан көрінген машинаны байқасаң өткізіп жібер. Көшеде тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт, машина есігін ашып қалуы мүмкін.

Ортаыак жерден өтетін ерсілі-қарсылы машиналар саны көп. Сондықтан әрбір оқушы күнделікті мектепке келерде көшеде жүру тәртібін жақсы білуі керек.

1. Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.
2. Алдыңнан машина шыкса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт.
3. Жол үстінде ойнама, сырғанақ тенпе.
4. Жер тайғак болса, жолда абайла.
5. Ауылымызда тротуар жоқ, сондықтан жолдың оң жақ шетімен жүр.

Өмірде болатын қауіптің алдын алуға, болдырмауға және қажет болса, әрекететуге көмектесетін қауіпсіздік ережелері маңызды. Бұл ереже ғаламторда даманызды, егер оны қалай сақтауды білмесеңіз, онда жаһандық байланыс қауіпті болуы мүмкін. Қауіпсіздік тек қауіп-қатерлерден қорғану туралы ғана емес, бұл адамның өз өмірімен басқа адамның өміріне саналы көзқарасы, бұл біздің табиғаттың бір бөлігі

екенімізді және біздің қауіпсіздігіміз қоршаған ортаның қауіпсіздігіне және біздің барлық нәрсеге деген көзқарасымызға байланысты екенін түсінуге көмектесетін экологиялық сананың бір бөлігі. Өмірге деген саналы көзқарас өзін және басқа адамдарды, олардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін жақсы түсінуге көмектесетінін есте сақтаңыз.

ДТІЖО:



С. Базарбеков

Ата-аналар комитетінің төрайымы:



Тілепбергенова Ү.

Хатшы:



Құттыбаева Г.

